

Жумашева Камшат Бериковнанын
«8D02304 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша
филология докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған
«Тілдегі гендерлік оппозиция» диссертациясының
АҢДАТПАСЫ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Ұсынылып отырған диссертациялық жұмыс тілдегі гендерлік оппозицияның ғылыми негіздері мен зерттелу бағыттарын, категориялануын, тілдің лексикалық жүйесіндегі көрінісін, лексикографиялық жүйеде бейнеленуін, концептуалды метафоралар арқылы модельденуін, тіл иелерінің ассоциативтік тәжірибесіндегі гендерлік метафоралардың оппозициялық табиғатын зерттеуге арналған.

Қазіргі заманғы тіл «адам – сана – әлеумет – мәдениет» деген байланыстарды орнатушы рөлінде ХХ ғасырдың екінші жартысынан бастап лингвистиканың зерттеу назарына алынды. Тіл иесіне (тілдік тұлға) қатысты әлеуметтік деректерді басым зерттеу бағыттарына айналдырған антропоэзектік қағидаттар гендерлік лингвистика сияқты саланың ғылыми тұжырымдарының дамуына негіз болды. Соның негізінде *гендерлік лингвистикалық категориялардың* мәні мен құрамын, функцияларын, байланыстарын анықтайтын ғылыми зерттеулер орын алып, тәжірибелік тұжырымдар қалыптасуда.

Тіл иесі, алдымен, белгілі бір *гендерлік топ өкілі* екені белгілі, сондықтан тілдік жүйеде гендерлік дүниетанымның құндылықтары мен тұжырымдары көрініс табады. Бұл тұрғыдан келгенде, гендерлік болмыстағы *оппозициялық құбылыстардың* лингвистикалық көрінісі назар аудартады, «тіл иесі – оның гендерлік болмысы – дүниетанымдық категориялары – олардың тілдік бейнеленуі» сияқты зерттеу парадигмасы қалыптасып, тілдің *гендерлік оппозициялық* феномендерінің (бірегей сипаттары) деректері анықталады.

Гендерлік категориялардың әлі де болса арнайы зерттелмей келген түрі – *гендерлік оппозициялар*. Гендерлік оппозицияны *тілдегі категория* ретінде анықтау үшін, жалпы *категория*, *тілдік категория* сияқты маңызды ілімдер туралы деректерді зерделеу назарға алынды. Дүниедегі ақиқат орта мен танымның өзара байланысын бейнелейтін жалпы *категория* ұғымы, сонымен қатар, ортақ белгі-сипаттармен біріктірілетін тілдік құбылыстар (бірліктер) тобы, жиынтығы немесе жүйесі *тілдік категория* мәртебесіне ие болса, *гендерлік оппозиция* тілдегі категория ретінде өз мәні мен орнын белгілеуде аталған басты тұжырымдарға сүйенеді. Тілдік категорияларға қарағанда, гендерлік категориялар әлеуметтік лингвистикалық болмысымен сипатталады және сол сипаты арқылы тілдік деректерді гендерлік тұрғыдан түсіндіреді. Демек, тілдік категориялардың қатары, оларды зерттеу әдістемесі, тілдің жалпы концептологиялық негіздері кеңейіп, мазмұны арта түседі. Жалпы *оппозиция* мен *гендерлік оппозиция* категорияларының лингвистикалық зерттеу нысанына алынуы – тілдің терең мазмұндық,

концептологиялық, когнитивтік, функционалдық деңгейдегі сипатталуы деп қабылданғаны жөн.

Сонымен, *гендерлік лингвистикалық категориялар* оларға ортақ, жалпы белгілері негізінде анықталатын гендерлік лингвистиканың саласында көрініс тапқан деректер болса, *тілдегі гендерлік оппозиция* категориясы ол – біркелкі сипаттарды (бұл зерттеуде – оппозициялық) бейнелеуші, сол арқылы гендерлік қарама-қарсылық мазмұнды білдіретін деректердің ортақ белгілерінің (параметрлер) жүйесі. Гендерлік оппозиция – гендерлік лингвистиканың басты категорияларының бірі ретінде анықталса, жалпы лингвистиканың категориясы ретінде де сипатталады. Сондықтан *гендерлік оппозиция* лингвистикалық категория ретінде тілдегі оппозициялық немесе қарама-қарсылық мазмұнды тұжырымдау барысында өзінің құрылымындағы когнитивтік үрдістерді өзара байланыстырады, гендерлік асимметриялық деректерді категориялау мен концептуалдандыру үрдістерін бейнелейді. Осыған байланысты диссертациялық зерттеу тілдегі гендерлік оппозициялардың *лексикографиялық, метафоралық және ассоциативтік* бейнеленуін нысанға алады.

Гендерлік оппозицияның тілде көрініс табу мәселесін зерттеу – *гендердің* тілдегі қолданысы қалай жүзеге асатындығы туралы сұраққа жауап алуға мүмкіндік береді. Маскулиндік және феминдік жіктелімдер гендердің қызмет етуінің екі негізі бола отырып, түрлі зерттеулерде әртүрлі анықталады: бұлар – *феномендер, құрылымдар, концептілер, түсініктер, категориялар, идеологиялар, сипаттамалар жиынтығы, нормативтік канондар*. Зерттеу жұмысында гендерлік оппозиция кешенді сипатта алына отырып, гендерлік оппозицияны құрайтын *маскулиндік (еркектік) және феминдік (әйелдік)* ұғымдарының тілдің лексикалық, семантикалық, номинативтік, концептуалдық деңгейлері мен қабаттарындағы көрінісі оппозициялық, асимметриялық қатынаста қарастырылады.

Зерттеудің өзектілігі. Гендерлік оппозиция категориясын тілдік жүйеде өзектендіріп талдау – зерттеуші мен ғылыми сала үшін тілдік таным, тілдік категориялау, тілдік концептуалдандыру сияқты когнитивтік-философиялық үрдістердің өзгешеліктерін анықтауға мүмкіндік береді. Екіншіден, тіл иелерінің гендерлік өкіл ретіндегі тілдік дүниетанымының терең деңгейіндегі асимметриялық тұжырымдау мен бейнелеу үрдістерінің сипаттарын анықтайды, ал бұл деректер гуманитарлық, антропологиялық ілім мен әдістемені толықтырумен қатар, лингвистикалық категориялар жүйесін гендерлік болмысты назарға алу арқылы нақтылауға бағыттайды. Бұл көзқарас тілдік тұлға мен гендерлік тілдік тұлға шекарасын ажыратуға, олардың өзіндік белгілерін анықтауға да жол салады. Үшіншіден, оппозициялық, асимметриялық мазмұндағы *гендерлік семантиканы* тілдік жүйедегі деректер арқылы талдау оны бейнелеуші белгі-сипаттарды жіктеуге, әдістемелік қағидаттар мен құралдарды айқындауға негіз болады. Төртіншіден, *гендерлік болмыстың* түрлі деңгейлері (әмбебап, дәстүрлі, қазіргі, қауымдастықпен шартталған т.б.) мен өзгермелі сипатын ескерсек, *гендерлік тілдік тұлға* оның (гендерлік болмыстың) деректерін

пайдаланушы, иеленуші, бейнелеуші және өзі де оны қалыптастырушы ретінде танылады, сондықтан гендерлік тілдік тұлғамен байланысты тілдік-когнитивтік үрдістер үздіксіз түрде ғылыми назарда болуы тиіс.

Зерттеудің мақсаты: Гендерлік оппозицияның тілде категориялануын ғылыми негіздеу және ассоциативтік таным тұрғысынан дәлелдеу.

Зерттеу барысында белгіленген мақсатты жүзеге асыру үшін төмендегі **міндеттерді** шешу көзделді:

1. «Оппозиция», «гендерлік оппозиция», «тілдегі гендерлік оппозиция» ұғымдарының ғылыми салалардағы мазмұны мен мәнін нақтылау, зерттеуге қатысты тұжырымдарды жүйелеу;

2. Гендерлік оппозицияның тіл біліміндегі зерттелуіне шолу жасау және негізгі ұстанымдарын анықтау;

3. Гендерлік оппозицияның тілдегі категориялану жолдарын сипаттап, оның метафоралық табиғатын, аталымдық жүйедегі маркерленуін, асимметриялық сипатын саралау;

4. Гендерлік оппозицияның лексикографиялық жүйедегі бейнеленуін талдау;

5. Гендерлік оппозицияның лексикалық жүйеде концептуалды метафоралар арқылы модельденуін сипаттау: гендерлік маркерленген метафоралық аталымдар құрамындағы гендерлік оппозицияның сипатын, құрамы мен мазмұндық түрлерін айқындау;

6. Гендерлік оппозицияның тілдегі ерекшеліктерін гендерлік тілдік тұлғаның ассоциативтік тәжірибесі арқылы эмпирикалық тұрғыдан дәлелдеу мен оны зерттеу әдістемесін ғылыми негіздеу.

Зерттеудің нысаны: тілдік категория ретіндегі гендерлік оппозиция.

Зерттеу пәні: гендерлік оппозицияның тілдегі бейнелену ерекшеліктері.

Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері: Тілдегі гендерлік оппозицияны белгіленген ғылыми міндеттер тұрғысынан зерттеу үшін келесі ғалымдардың теориялық-әдіснамалық тұжырымдары мен іргелі еңбектері негізге алынды: қоршаған әлем бейнесін құрылымдауға, оның жеке құбылыстарын категориялауға мүмкіндік беретін оппозиция ұғымын анықтауға қатысты Ф.де Соссюр, Н.С. Трубецкой, Р.О. Якобсон, В.В. Иванов, В.Н. Топоров, Т.В. Цивьян, К. Леви-Стросс, Н.М. Шанский, В.М. Куприянова, А.Қ. Жұмабекова; әлемнің мифологиялық бейнесіндегі «еркек – әйел» бинарлы оппозициясының ерекшелігін анықтауда А.А. Потебня, М. Жолдасбеков, М. Ескеева, С.Қондыбай, А. Тойшанұлы; гендерлік зерттеулер теориясы мен гендерлік оппозицияға қатысты О.А. Воронина, О.В. Рябов, Е.И. Замфир, Г.А. Адаева; гендер, гендерлік лингвистика, тілдегі гендерлік оппозицияға қатысты Дж. Скот, А.В. Кириллина, Е.С. Гриценко, С.Г. Айвазова, И.С. Кон, Э. Рош, Н.В. Головинова, К.А. Покоякова, Е.С. Зиновьева, З. И. Резанова, О.В. Комиссарова т.б. шетелдік ғалымдар мен қазақстандық ғалымдар Қ. Жұбанов, Б. Хасанұлы, Г.Т.Шоқым, З.К. Сабитова, Б. Райхан, Г. Сағидолда, З.М. Нуржанова, О.Л. Сохацкая, Ж.Д.Сүлейменова, А.Б. Сарсембаева, Э.Т. Буранкулова, Г.Ә. Әбдімәулен т.б.

ғалымдардың пікір-байламдары мен ғылыми еңбектері жұмыстың теориялық өзегі етіп алынды.

Гендерлік оппозицияның тілдік сипатталу тұғырын негіздейтін лингвистикалық, әлеуметтік лингвистикалық, этнолингвистикалық, когнитивтік лингвистикалық, лингвомифологиялық, лингвомәдени, лексикографиялық саладан Дж.Лакофф пен М. Джонсон, Ю.Н. Караулов, В.Г. Гак, Ю.Д. Апресян, О.И. Блинова, В.В. Дубичинский, В.А. Козырев, Г.Скляревская және Ж.А.Манкеева, Б.К. Ақбердиева, Р.Б. Хасенов, М.М. Қосыбаев, Э.Д. Сүлейменова, Г.Б. Мамаева, М. Амангазиева, А.Ш. Юсупова т.б. авторлардың еңбектері де қаралды.

Зерттеу дереккөздері: зерттеу тақырыбы бойыншы ғылыми еңбектер, түсіндірме сөздіктер, «Қазақ тілінің ұлттық корпусынан» алынған тілдік деректер, түрлі жастағы (гендерлік тұлға ретіндегі) респонденттермен жүргізілген ассоциативтік тәжірибенің деректері (барлығы 912 респондент, оның ішінде, 345 респондент онлайн, 567 респондент оффлайн қатысты) негізге алынды.

Зерттеу әдістері: Диссертациялық жұмыста алға қойылған мақсат пен міндеттерге байланысты талдау, салыстыру, іріктеу, сипаттау, саралау, жүйелеу, жинақтап қорыту сияқты жалпы ғылыми талдау әдіс-тәсілдерден басқа, арнайы зерттеу әдістері қолданылды – гендерлік семантиканы компоненттік талдау, стратификациялау, категориялау, модельдеу, оппозитивтік, когнитивтік және лингвомәдениеттанымдық талдау үлгілері, тілдік бірліктерді зерттеу амалдары мен лексикографиялық талдау қағидаттары, статистикалық талдау әдістері басшылыққа алынды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы. Тілдегі гендерлік оппозиция жүйесі гендерлік лингвистика ғылымының категориясы ретінде алғаш рет ғылыми зерттеу нысанына алынып, диссертациялық зерттеу бойынша мынадай нәтижелерге қол жеткізілді:

– «тілдегі гендерлік оппозиция» ұғымының мазмұны мен мәні нақтыланып, гендерлік лингвистикалық категория ретінде сипаты ашылды;

– гендерлік оппозицияның тіл біліміндегі зерттелу жайы сарапталып, оның негізгі ұстанымдары анықталды;

– гендерлік оппозицияны құрайтын маскулиндік (еркектік) және феминдік (әйелдік) категорияларына қатысты оппозициялық, асимметриялық қатынастағы деректердің тілдің лексикалық, семантикалық, номинативтік, концептуалдық деңгейлері мен қабаттарындағы көрінісі лексикографиялану, метафоралық модельдену және ассоциативтік таным негізінде сараланды;

– гендерлік оппозицияның лексикалық жүйеде концептуалды метафоралар арқылы модельденуі сипатталып, гендерлік маркерленген метафоралық аталымдар құрамындағы гендерлік оппозицияның құрамы мен мазмұндық түрлері айқындалды;

– гендерлік оппозицияның тілдегі ерекшеліктерін гендерлік тілдік тұлғаның ассоциативтік тәжірибесі арқылы эмпирикалық тұрғыдан зерттеу әдістемесінің мүмкіндіктері мен тиімділігі дәлелденді.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы: Зерттеудің қол жеткізген ғылыми тұжырымдары мен нәтижелерін жоғары оқу орындарының филология факультеттерінде гендерлік лингвистика, әлеуметтік лингвистика, когнитивтік лингвистика, лексикология, лингвомифология, лингвомәдениеттану курстарын дайындауда, оқу-әдістемелік қамтамасыз етуде, сонымен қатар, тілдік және мәдени анықтамалықтар, гендерлік лингвистика сөздіктерін, лексикографиялық еңбектерді құрастыруда қолдануға болады.

Қалыптастырылған зерттеу әдістемесі – лингвистикалық ғылыми ізденістерде үлгі бола алатын тәжірибе.

Нақтыланған ғылыми ұғымдар, сипатталған категориялар және олардың құрамы, құрылымы, функциялары – гендерлік лингвистикалық зерттеулердің, қазіргі тіл білімінің және тілтанушылардың ғылыми метатілін дамытуға үлес қосады.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы: Зерттеу жұмысының нәтижелері мен ұсынылатын тұжырымдар гендерлік лингвистикаға қатысты зерттеулер мен мәселелердің ғылыми-теориялық негіздерін қалыптастыруға, гендерлік оппозицияның тілдегі көрінісінің ерекшеліктерін ғылыми негіздеуге, гендерлік семантика және оппозициялық қатынастар байланыстары мен мазмұнын қазақ тілі деректері арқылы тұжырымдауға өз деңгейінде үлес қосады. Қазақ тілді гендерлік тілдік тұлғалардың асимметриялық қатынастарын когнитивтік категориялау мен метафоралық модельдеу үлгілері арқылы зерттеуге теориялық тұжырымдар ұсынады.

Жұмыстың құрылымы. Диссертациялық зерттеу кіріспеден, екі бөлімнен, алты тараушадан, екі бөлім бойынша тұжырымдардан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, қосымшадан тұрады. Зерттеудің нәтижелері 28 кестеде, 3 сызба-суретте көрініс тапты. Зерттеу деректері 13 лексикографиялық еңбектен және 912 респондентпен ассоциативтік тәжірибе (эксперимент) жүргізу барысында іріктелді.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар:

1. Оппозиция категориясы «гендерлік оппозиция», «тілдегі гендерлік оппозиция» ұғымдары арқылы өз мәнін сипаттай алады және олармен бірігіп толыққанды тілдік категория жүйесін қалыптастырады. Гендерлік оппозиция гендерлік лингвистиканың негізгі зерттеу категориясы ретінде тілдегі гендерлік қарама-қарсылықтарды сипаттауға негіз болатын *маскулиндік пен феминдік* категорияларын айқындайтын ұғым-түсініктердің/белгілердің тілде құрылымдануын айқындайды.

2. Гендерлік оппозицияның зерттелуі философиялық тұжырымдардан бастау алып, ХХ ғасырдың соңғы онжылдығында гендерлік теорияның дамуымен байланысты гуманитарлық ғылым салаларында, оның ішінде лингвистикада жеке зерттеу нысанына айналды. Гендерлік оппозиция жалпы гендерлік лингвистикалық категорияларды негізге ала отырып әлеуметтік лингвистикалық, психолингвистикалық лингвокогнитивтік, лингвомәдениеттанымдық ұстанымдар тұрғысынан пәнаралық сипатта анықталады.

3. Тілдік деректер мен лингвистикалық жүйелердің концептуалдық мазмұны мен құрамында оппозициялық қатынастардың көрініс табуы бұл категорияның тілдік ерекшеліктерін анықтауды талап етіп, ұсынылған зерттеу проблемасының жүйелілігін көрсетеді.

4. Гендерлік оппозиция категориясы зерттеуге алынған семантикалық, концептуалдық мәні жоғары тілдік деңгейлер мен қабаттарда (лексикалануда, лексикографиялануда, метафоралануда, ассоциациялануда) өзектендіріледі. Гендерлік болмыстың оппозициялық қатынастарын асимметриялық категория ретінде тілдік деректер арқылы талдау, оның категориялану жолдарының танымдық-мифологиялық, лингвистикалық, әлеуметтік, когнитивтік негіздерін анықтайды.

5. Тілдегі оппозициялық қатынастар мен деректер гендерлік маркерленген, маркерленбеген және ұлттық-мәдени сипатталған семантиканы қамтиды, олар гендерлік тілдік тұлға дүниетанымының концептуалдық, ассоциативтік, метафоралық модельденуі барысында көрініс табады. Гендерлік маркерленген метафоралар әртүрлі концептуалды сала құбылыстарын ұқсастыру негізінде маскулиндік-феминдік оппозициясының мазмұнын, асимметриялық сипатын анықтайды.

6. Гендерлік тілдік тұлға дүниетанымын ассоциативтік тәжірибелік талдау арқылы гендерлік оппозицияның когнитивтік-әлеуметтік, лингвомәдени ерекшеліктері анықталады – зерттеуші маскулиндік-феминдік жүйедегі өзекті асимметриялық семантиканы және оппозициялық концептуалды модельдерді айқындайды.

7. Гендерлік оппозиция категориясының тіл жүйесіндегі көрінісін келесі ғылыми-әдістемелік негізге сүйеніп зерттеу, тиімді, кешенді және интегративті талдау нәтижелерін бере алады, олар – гендерлік ерекшелік индексін анықтау, гендерлік параметрлерді белгілеу, гендерлік тілдік тұлға сипаттарын үлгілеу, гендерлік семантиканың асимметриялық деректері мен концептуалды метафоралар арасындағы оппозициялық корреляциясын анықтауға мүмкіндік береді.

Зерттеудің жариялануы мен мақұлдануы:

Зерттеудің негізгі бөлімі бойынша 6 мақала жарияланды:

Scopus ғылыми деректер базасына кіретін журналдарда жарияланған еңбектер:

1. Representation of Gender Metaphor in Lexicography as a Reflection of Culture // *International Journal of Society, Culture and Language*, no. 3/2022. P. 151-162. Процентиль 83%, Q1.

2. Images of men and women in the mirror of gender metaphors // *Eurasian Journal of Applied Linguistics*, V. 8, no. 2/2022. P. 272-282. Процентиль 85%, Q1.

ҚР ҒжЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің ғылыми қызметтің нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдарда жарияланған еңбектер:

1. «Еркек – әйел» бинарлы оппозицияның лексикографиялық репрезентациясы // «Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ Хабаршысы», Филология сериясы, №1 (64) 2022. 45-57 бб.

2. Гендерлік оппозицияның мақал-мәтелдерде метафоралар арқылы бейнеленуі // «Торайғыров университетінің хабаршысы», Филология сериясы, №2, 2022. 31-41 бб.

3. Гендерлік метафора – әлемнің тілдік бейнесіндегі құнды көрсеткіштерді бағалау құралы // «Қарағанды университетінің хабаршысы», Филология сериясы, №2 (106) 2022. 67-74 бб.

Халықаралық конференциялардың жинақтарында жарияланған еңбектер:

1. Manifestation of gender contradiction in mythology // Изденістер мен бағыттар» тақырыбындағы I халықаралық түркологиялық конгресс материалдары, Карабюк, Түркия, мамыр, 2022. 195-201 бб.

Диссертациялық зерттеу жұмысы **Қазақстан Республикасының Мемлекеттік бағдарламаларына** сәйкес дайындалған:

1) Қазақстан Республикасында тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы №1045 қаулысы);

2) Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (5.3.5 Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасы және рухани құндылықтары. 5.3.6 тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, салт пен құндылықтардың ортақтығы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы);

3) «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламасы (1. Ұлт тарихындағы кеңістік пен уақыт. 5. Дала фольклоры мен музыкасының мың жылы. 21.11.2018 ж.).

4) Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы ЖҒТК бекіткен ғылым дамуының 5. «Мәңгілік ел» ғылыми негіздері (XXI ғасырда білім беру, гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер. 27.04.2016 ж.).

5) «Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасын» бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 6 желтоқсандағы № 384 Жарлығы.